



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Бұл туындылар өнер туындыларына өте қатты ұқсайды, бірақ негізінде олардан айырмашылықтары бар. Ең бірінші біз туындылары кәсіби түрде жетілдірілген, бірақ адамның ой-өрісінің дамуы процесіне ешқандай да тиіспейтін тамаша талантты және шебер суретшілерді еске алуымыз қажет. Бұл туындылар адам өмірін безендіріп, талғамын жетілдіріп, нығайтатын, қолайлы болуын ұлғайтып, алдандырып, жұбататын, бос уақыттың орнын толтырады. Мұнда қолданбалы зергерлік өнерді, дизайнерлерді, жиһаз жасаушылар мен тағы да басқаларды жатқызуға болады. Концептуалды өнер толықтай ақылға симайтын туындыларымен, әрине заңды түрде және ақылға симайтын еуропалық мәдениеттің гуманизм мен либерализм жолындағы дамуымен көрсетіледі. Авангардтық өнер өзіне рухтандыратын процессті бұзу үшін өзіне жауапкершілікті көп алады. Рухсыз өнер қоғамға рухсыз биологиялық жұмыс, тек қана физиологиялық жайлылық беріп, сосын қызықсыз, жасап шығарушылар үшін пайдасыз болып қала береді. Мұндай туынды биологиялық жасандылық, қастық пен дұшпандық сияқты. Туынды осы қоғамдағы биологиялық жұмыстың, өзін-өзі төмен санап өмірде бір жамандыққа ұшырауына әкеліп соғады.

Негізінде «заманауи өнер» және «өнердің өзектілігі» түсінігінің арасында бірнеше тепе-теңдікті сақтайтын белгілері бар. Олар галереядағы өнер мен мұражайда бекітілген.

Заманауи өнер – мойындалмаған классикалық болып табылады.

Альтернативті өнер. «Граффити» термині классификация үшін, ереже, өнердің тиым салынған заңының бір түрі сияқты, композицияның сурет және жазбалар арқылы, қабырғаға жеке немесе топтық немесе басқа да үстіртін, визуалды қолайлы баспалармен байланысты, әр түрлі әрекеттердің талпыныстары аясында қолданылады. Граффити авторларымен кәсіби емес суретшілер жиі шығады. Тіпті Айда америкалық ғарышкерлер өздеріне естелік ретінде граффити түрінде ескерткіш қалдырды. Сондықтан өнердің формасы мен оның көзқарасынан білдіретіні ол икемді, цензурадан жалпылама еркін, бос. Граффитиді кәсіби және қоғамдық идеологияда айқын, нақты манифист деп қарастыруға болады, адамдардың визуалды ықпал ететін жоспарында өте эффективті. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе граффити мәдени ерекше, кездесетін кез келген қоғамдағы әр түрлі формасы болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Цена и ценности современного искусства // Социально-гуманитарные знания - М., 2004.
2. Инсталляция в современном искусстве - новая структура восприятия Пространство современного искусства: теория и практика. 2006.
3. Индивидуальное в искусстве и в профессии художника // Индивидуальные различия и проблемы индивидуальности. 4.2. М.: Уникум - Центр, 2004,.
4. Статус современного художника: социально-философский анализ. Серия Философия. 2003.
5. О роли современного искусства в формировании национальной идентичности // Диалог цивилизаций: история, современность и перспективы..2007

УДК 76.021

ГРАФИКА ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ОНЫҢ ДИЗАЙНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Рахимжанова Гульнур Балтабекқызы

miss.gulnur1983@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, өнер магистрі,
Астана, Қазақстан

Өнер - қоғамның ең маңызды және ең қызықты құбылыстарының бірі, адам қызметінің ажырамас бөлігі, жеке дара тұлғаның ғана емес, қоғам дамуында елеулі рөл ойнайтын бөлігі.

Өнердің мәні, қоршаған әлемнің эстетикалық қалпын нақты, әрі толық ұсынуымен анықталады.

Өнер өздігінен ойды, адамдардың санасын түсініктеме түрінде емес, толық әрі нақты түрінде жүзеге асыру үшін, әр түрлі формаға қабылдау керек болатын. Ол үшін өнердің тек өзіне тән, ерекше жарасатын құралы бар ол- көркем бейне. Көркем бейнелердің көмегімен өнер ойдың мазмұн бірлігімен сезім формаларын жеткізеді. Алайда, көркем бейне әр өнер түрлерінде сан алуан түрде келеді. Әр өнер түрі өзінше ерекше әрі бөлек, әрқайсысы өзіндік талап-тілектер қоюмен қатар оның шешімі мен әдістерін береді. Өнердің әрқайсысының өзінің өзіндік тілі және белгілі бір ерекше көркемдік мүмкіндіктері бар.

Өнерді әр түрлі белгілер негізінде әр түрлі топтар мен түрлерге бөлуге болады .

Біріншіден, графика кеңістіктік өнерге жатқызылады, яғни, графикалық көркем шығарма нақты материалдық тасушыға ие және уақыт өте келе дамиды өнердің уақытша құрамдас бөлігіне тәуелді емес.

Екіншіден, графика-бейнелеу өнеріне жатқызылады, ең шыншыл формалар мен жалпылау, типтендіру мен қатар суретшінің қиялдауы арқылы сол мерзімдегі оқиғаны, рухани бейнесі мен күйінішін, ойлары мен адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық идеяға (қоршаған ортаны бейнелемейтін, ал бірақта бізге табиғаттан берілетін ақиқатқа келмейтін тек өзіне тән әлемі бар архитектурадан айырмашылығы) эстетикалық тұрғыдан аша алуында болып табылады.

Бейнелеу өнеріне графикадан бөлек кескіндеме мен мүсін жатады. Бейнелеу өнерінің бұл үш түрі ортақ түрлерінен бөлек, үлкен айырмашылыққа ие. Бейнелеу өнерінің барлық түрі секілді графиканы да үш түрге бөліп мүмкін:

монументалды - архитектуралық ансамблмен тығыз байланысты мысалы: плакат, қабырға графикасы, картондар;

станокты – «станокта» орындалатын, белгілеу мен туындының мағынасының көркемдік мағынасының толығымен жойылап кетпейтін және де белгілі интерьермен байланысы жоқ.

декоративтік-иллюстрациялық кітаптар, ашық хаттар, кез-келген бұйымдағы көркемдік мәні жоқ , ал тек кез-келген бұйымның сырқы көрінісін ұйымдастырып, безендіретін қызмет атқаратын графикалық бейнелер. Сонымен қатар декоративтік графикаға ағаштардың талшықтарының, "тірі " материалдардың көмегімен жүзеге асырылатын флористикалық-композицияда жатады. Егер де графиканы өзге де бейнелеу өнерінің салаларымен жіктеуге болатын болса онда оның кескіндеме мен мүсіндеуден түбегейлі айырмашылығы неде?

Графика өнерінің өзгешелігін сурет құрайды. Сурет бейнелеу өнерінің барлық түрінде кездесе де, графикада ол басым әрі бастаушы рөлге ие және де айқын бастама мен көбірек таза түрінде қолданылады. Сондықтан да суретті графикадағы басты құрал деуге негіз бар сияқты.

«Графика» сөзі өзінің бастауын грек тілінің *grapho* – жазамын, сурет саламын деген сөздерінен бастау алады. Сурет- суретшінің мінез-құлқын, темпераментін, көңіл- күйін көрсетеді. Графиканың тілі, негізінен айқын сызу мүмкіншілігі мен штрих пен дақтардың, негізгі фонның суретте қарама-қарсы немесе өзгешелеу реңк қалыптастыруында. Графикада түс үлкен мәнге ие болғанымен, кескіндемеге қарағанда аз мөлшерде ғана пайдаланылады. Көп жағдайда көркемдік айқындылықты екі түрлі түспен үйлестіріледі: ақ және қара (дақтарды әрлей түсетін өзге де түстер) ең бастысы графика біркелкі түстерді тартады.

Графиканың техникасы мен материалы сан түрлі, бірақ та, ең негізгісі ол қағаз. Қағаздың түсі мен фактурасы үлген рөл атқарады. Материалдың немесе техниканың әдемілігі графиканың түрімен анықталады.

Станокта орындалатын графика техниканың мінезінің тәуелділігіне сәйкес екі түрге бөлінеді: эстамп және сурет.